

**Астана қаласы әкімдігінің
№112 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-нің
2025-2026 оқу жылының
Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің
сабақтан тыс «Бірлік бар жерде – тірлік бар» ұранымен өткен
«Шалқан» ертегісінің сахналық қойылымының
АНЫҚТАМАСЫ**

Мақсаты: оқушыларға бірлік, татулық, өзара көмек көрсету құндылықтарын түсіндіру, инклюзивті білім беру аясында барлық оқушының белсенді қатысуына мүмкіндік жасау.

Мектебімізде 29 қаңтар күні мектептің кітапханасында инклюзивті бөлімнің балалармен өткізілген «Шалқан» ертегісінің сахналық қойылымы негізіндегі сабақтан тыс іс-шара өткізілді.

Қатысушылар:

ДОДЖО – Баимбетова Ш.Т.

ДТДЖО – Булекпасова Б.Ш, Бутабаева М.Е.

Педагог-психолог:

Іс-шара жүргізушілердің кіріспе сөзімен басталды. Көрермендерге қойылымның тақырыбы мен мақсаты таныстырылды. Сабақ барысында оқушылар «Шалқан» ертегісі бойынша сахналық көрініс қойып, кейіпкерлердің рөлін сомдады. Әр оқушы өзіне берілген рөлді жауапкершілікпен орындап, сахнада белсенділік танытты. Ертегіні сахналау барысында бір-біріне көмектесіп, ұйымшылдықтың маңызын көрсетті. Әр кейіпкер өз рөлін шынайы әрі әсерлі орындады.

Қойылым барысында көрермендерге «Бірлік бар жерде – тірлік бар», «Күш – білекте» сияқты тәрбиелік мәні бар ойлар жеткізілді.

Қорыта келе, іс-шара оқушылардың қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және өзара сыйластыққа тәрбиелеуге ықпал етті. Өткізілген сабақ өз мақсатына жетті және жоғары деңгейде ұйымдастырылды.



Жауапты педагог-ассистент: А.Ғ.Жұмабек, О.Ғ.Кенжебекова